

6B08703 – «Агроөнеркәсіптік кешеніндегі цифрлық технологиялар»

БББ

Білім беру бағдарламасының түлегі моделі (бакалавриат)

Оқу нәтижесінде түлек:

Істей алуы тиіс:

- агроөнеркәсіптік кешендегі технологиялық процестерді басқаруға арналған цифрлық шешімдерді әзірлеу және енгізу;
- геоақпараттық жүйелерді (ГАЗ), сенсорлық желілерді, пилотсыз технологияларды және басқа да цифрлық құралдарды қолдана отырып, деректерді жинау, өңдеу, талдау және визуализациялау;
- өсімдік және мал шаруашылығындағы, сондай-ақ қайта өңдеу кәсіпорындарындағы өндірістік процестерді автоматтандыру;
- АӨК-тегі бағдарламалық-аппараттық кешендерді баптау, қызмет көрсету және біріктіру;
- агроөндірістің тиімділігін арттыру мақсатында деректерді талдау, машиналық оқыту және болжамдық аналитика әдістерін қолдану;
- аграрлық кәсіпорынның ақпараттық жүйелерінің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- білім беру және тәрбие жұмысын жүзеге асыру.

Білуі және түсінуі тиіс:

- агроөнеркәсіптік өндірістегі міндеттерге қолданылатын цифрлық технологиялардың, бағдарламалаудың, деректер базасының, желілік технологиялардың және жасанды интеллекттің негіздерін;
- технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйелерінің (АСУ ТП) жұмыс істеу қағидаттарын;
- АӨК-дегі «үлкен деректерді» (Big Data) жинау мен өңдеудің заманауи әдістерін;
- ауыл шаруашылығына арналған цифрлық платформаларды құру архитектурасы мен принциптерін;
- ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау саласындағы стандарттар мен нормативтерді;
- орнықты аграрлық даму, «ақылды» ауыл шаруашылығы (Smart Agriculture) және дәл егіншілік (Precision Farming) қағидаттарын;
- цифрлық шешімдер экономикасының негіздері мен оларды агробизнеске енгізудің тиімділігін бағалауды;
- ҚР цифрландыру және аграрлық саясат саласындағы қолданыстағы заңнамалық және стратегиялық құжаттарды.

Құзыретті болуы тиіс:

- аграрлық процестерді мониторингтеу және басқаруға арналған цифрлық жүйелерді жобалау және енгізу саласында;
- аграрлық секторда модельдеу бағдарламалық құралдарын, ГАЗ-технологияларды, ERP және CRM жүйелерін қолдану саласында;

- басқарушылық және технологиялық шешімдерді негізді қабылдау үшін цифрлық деректерді талдау саласында;

- ауыл шаруашылығындағы IT-жобаларды басқару, соның ішінде жоспарлау, іске асыру және нәтижелерін бағалау саласында;

- АӨК саласындағы АКТ-ны құқықтық реттеу, еңбек қауіпсіздігі, экология және орнықты даму мәселелерінде;

- аграрлық өндірістегі энергия үнемдеу, логистиканы оңтайландыру және еңбек өнімділігін арттыру үшін инновациялық цифрлық шешімдерді қолдану саласында.